

Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың мемлекеттік қорын қайта құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 9 шілдедегі N 650

Қаржы-несие жүйесін жетілдіру және мемлекеттің қаржы қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыру, сондай-ақ олардың қайтарымдылығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп бір ай мерзім ішінде заңдарда белгіленген тәртіппен Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың мемлекеттік қорын, жарғылық капиталында мемлекет 100 процент қатысатын "Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қор) етіп қайта құру жолымен, қайта ұйымдастырсын.

2. Қордың негізгі функциялары:

ауыл шаруашылығын несиелендірудің және қаржылық қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің Қордың алдындағы орталықтандырылған, кейінге қалдырылған және басқа да берешектері жөніндегі қаржылық міндеттемелері бойынша өндіріп алуды және олардың қайтарылуын қамтамасыз етуді қоса алғанда, несие берушінің функцияларын орындау;

ауыл шаруашылығында жүргізілетін құрылымдық қайта құрылуларды тегін қаржылық қолдауды, асыл тұқымды мал өсіру ісін, тұқым шаруашылығын, жануарлар мен өсімдіктерді қорғау жөніндегі шараларды дамытуды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі агентінің функцияларын орындау;

ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және қайта өңдеу саласында жұмыс істейтін тауар өндірушілерге қарыз беру және лизингке ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтар беру болып табылады деп белгіленсін.<*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.31. N 1372 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, белгіленген тәртіппен, Қорға осы қаулының 2-тармағында көрсетілген функцияларға сәйкес банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге лицензиялар беру ұсынылсын.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті:

Қордың жарғысын бекітсін;

Қор акцияларының мемлекеттік пакетін иелік ету, пайдалану және басқару (билік

ету құқығынсыз) үшін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне
б е р с і н .

5. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қаржы министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісім бойынша ауыл шаруашылығын несиелендірудің және қаржылық қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу кезінде оларды Қор арқылы іске асыруды
к ө з д е с і н .

6. Республикалық бюджетте ауылдағы тауар өндірушілерге тегін қаржылық қолдау көрсетуге көзделген қаражатты Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің агенті ретінде Қор арқылы бөледі деп белгіленсін.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 66 (алпыс алты) млн. теңге мөлшерінде Қордың жарғылық капиталын қалыптастырсын.

8. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп бұрын қабылданған Үкімет актілерін осы қаулыға сәйкес келтіру жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізсін.

9. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау мәселелері жөніндегі республикалық ведомствоаралық кеңестің құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 6 мамырдағы N 794 P970794_ қаулысы;

"Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың мемлекеттік қоры туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 17 қарашадағы N 1590 P971590_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 49,, 456-құжат).

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі